

Kazakh PTP Guidelines for Reading Skills

Reading skills in this guideline are defined by the level of the individual's ability to read written texts for the purpose of getting gist, specific information, detailed understanding, and implications.

Novice: this level is characterized by an ability to understand short (50-150 words) simple sentences on familiar matters containing highly frequent words and syntax. The common text sources are from menus, brochures, public notices, and regulations.

Novice 1

- The reader can understand short sentences that are loosely connected, and get some main ideas from a given passage.
- Texts usually do not exceed high-frequency structural patterns and vocabulary.
- Descriptions of persons, places, or things typify the texts at this level.

Example 1: Ad- International Exhibition Expo 2017

«Жасыл ел» семинары:
ЭКСПО-2017-ге
біздің үлесіміз»

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ,
2014 ж. 5 ҚЫРКҮЙЕК

Энергия ресурстарын
сақтауды зертте!

Тіркелу бағасы 1200 тг

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

/expo2017astana
expo2017astana.com

Example 2: My family members



Бұл мен. Менің атым Мәдинә. Мен 26 жастамын.



Бұл менің анам. Оның аты Гүлнәр. Ол 55 жаста.



Бұл менің інім. Оның аты Ільяс. Ол 5 жаста.



ЭКСПО 2017

ЭКСПО 2017 — 2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық көрме.

Novice 2

- The reader can understand short and connected sentences and get some main ideas.
- Texts at this level are usually limited to the attached range of syntactic structures and vocabulary.
- The reader can follow a text with a clear internal structural as can be shown in chronological sequenced written materials.
- The reader can locate specific information from a paragraph.

Example 1: My friend's healthy life style

Менің әріптесім бар. Оның аты-жөні - Көмеков Медет. Медет өзін жақсы күтеді. Түскі үзілісте айран ішеді. Кабинеттегі тоңазытқышқа алма, қияр, сәбіз, жүзім сияқты көкөністер мен жеміс-жидектер салып қояды. Медет дұрыс тамақтанады. Оның асқазаны мен бауыры ауырмайды.



Example 2: I don't feel well today



Бүгін менің көңіл-күйім онша емес. Таңертең басым ауырды. Жұмысқа бара алмадым. Енді дәрігерге көрінемін. Маған емделу керек.

Intermediate: This level is characterized by the reader's ability to understand factual information and main ideas from a relatively short passage (150-250 words). The texts at this level could be found from the following materials: advertising materials, business and personal letters, abstract, newspaper, and magazines.

Intermediate 1

- The reader can understand and identify main ideas from a short passage.
- Range of syntactic structures and vocabulary comprising texts is still limited.
- Lexical guessing for the unknown words based on the surrounding context is possible.

Example 1: About cultural center Almaty

Алғашқы кәсіби театр Қызылорда қаласында 1926 жылы ашылды. Алматы қаласы мәдени орталық болып саналады. Алматы қаласында мынадай театрлар бар: Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театры, М.Ю.Лермонтов атындағы орыс драма театры, М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, Ұйғыр, Корей музыкалық комедия театрлары, Ф.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры, Республикалық қуыршақ театры жұмыс істейді.

Example 2: My favorite thing to do is to plant flowers

Ермегім – гүл өсіру

Қазақ эстрадасында өзіндік мәнерімен, тамылжыған тамаша дауысымен жұрт назарын аударатын әншілердің бірі – Шәкизада. Оның орындауындағы Ескендір Хасанғалиевтің «Сағындым сені», Шәмшінің «Арыс жағасында» сияқты әндері мен көптеген басқа да тамаша әуезді әндер талғампаз жұрттың құлағынан кетпейді десе болады. Жалпы, «ән – әншіні, әнші – әнді көтереді» дейді. Сол тұрғыдан келгенде, Шәкизада талай әннің бағын ашты деуге болады. «Сахна – өмірімнің мәні» деп білетін әншінің үйдегі ең бір сүйікті ісі гүл өсіру екен.

– Менің хоббиім осы, – дейді ол. – Гастрольдерден шаршап-шалдығып келгенде, үйдегі қызылды-жасылды гүлдер жаныңды сергітеді. Жұпар иіс ерекше бір қуаныш сыйлайды, көңілің көтеріледі. Сондықтан ас бөлмемізді шағын гүл бағына айналдырдым десем, артық айтқаным емес. Қазір онда үлкенді-кішілі құмыраларға өсірген оннан астам гүлдің түрі бар. Әрқайсысы өзінше әдемі.

Хоббиін гүлден тапқан Шәкизада гүлдерді жұлып әкеліп сыйлағанды ұната бермейді екен. Оның да жаны бар деп есептейді. Сондықтан да әнші түрлі ыдыстарда өсіп тұрған гүлдерді сыйлау дәстүрге енсе деп арман етеді. Сонда гүл жайқалып өсіп тұрады, гүл сыйлаған адамға да жақсы, гүлді алған адамға да жағымды әсер етеді.

(<http://nurastana.kz/>)

Intermediate 2

- The reader can understand a text consisting of short multiple paragraphs with complex sentences, for example, those containing subordinated clauses.
- The reader can make appropriate inferences about the text.
- Range of syntactic structures and vocabulary comprising texts is larger. However, the reader often fails to distinguish subtle differences among synonyms.
- Misinterpretations with structurally complicated (i.e., containing subordinated clauses) texts still occur, and deliberate rereading is necessary for complete understanding.

Example 1: Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы [National emblem of the Republic of Kazakhstan]

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Қазақстан Республикасының Президентінің “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік гербінің негізі — шаңырақ. Ол — елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар **Уақыт** пен **Кеңістікті** біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз гербтің тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов.

The text describes the national emblem of the Republic of Kazakhstan. It gives explanation of the signs and patterns on the emblem and the date of its adoption.

Example 2: 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні [1st May is the day of unity of the population of Kazakhstan]

1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл

ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдебі барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық-құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесті сіңісе білді. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған мәселелер қатарында ерекше көрсетіліп кеткен бағыттың бірі — Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін нығайтуға байланысты “Қоғамдық келісімді және тұрақтылықты әрі қарай нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін арттыру” мәселесі. Бағыттың бұлай аталуының өзі өзіндік этносаралық және конфессияаралық келісімнің жетілдірілген моделі қалыптасқан Ассамблеяның ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтудағы ерекше орган болып табылатындығын көрсетеді. Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен этностар қалыптастырған ел бірлігі мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған қазіргі мол тәжірибе этносаралық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесіне енуде. Жолдауда атап көрсетілгендей, “қоғамдық келісімді әрі қарай нығайту еліміздің қалыпты дамуы мен әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру тәрізді үстеме міндеттерді шешудің негізі болып табылады”.

The text describes one of the national holidays in Kazakhstan which is the day of unity. It describes its cross-cultural and political importance and value amongst the citizens of Kazakhstan for better understanding and peacebuilding.

Retrieved from:

http://www.zharar.com/kz/shygarma/808-mamyr_1_birlik.html?Like

© www.ZHARAR.com

Advanced: this level is characterized by the reader’s ability to understand explicit and implicit meanings of a wide range of long (250 words above) and complex texts consisting of several paragraphs.

Advanced 1

- The reader can identify the hierarchical level of information (i.e., the main points and

relevant supporting details) from multi-paragraph prose presented with a clear underlying structure.

- Insufficient target-language cultural knowledge or limited vocabulary may still interfere with complete understanding of a text.
- The reader can make appropriate inferences about texts dealing with various topics.

Example 1: Addressing people in Kazakh culture

СІЗ немесе СЕН

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсетіп тұратын халықпыз ғой қашанда. Бұл халық даналығын менің ата-анам бала тәрбиесінде берік ұстанады десем артық айтпаған болар едім. Олай дейтінім, ата-анам бізге өзімізден жасы үлкен кісілермен, мейлі сен оларды таны-таныма, тіпті туыс-туғаның болса да, ешқашан «СЕН» деп емес, «СІЗ» деп сөйлесуді үйретті. Ағайын-туыс, жақын-жуық, көрші-қолаңның атын атағанның өзінде «апа, аға, тәте, көке, ағай, апай» деген сөздерді тіркестіріп атауды үйретті. Әрине, бұл әрбір отбасында берілетін тәрбие шығар. Бірақ, айтқым келгені, біз ата-анамыздың өзімен «Сіз» деп сөйлесеміз. Соны байқаған кейбір достарым, таныстарым «Сен неге өз ата-анаңа «сіз» деп айтасың? «Сіз» деп тек бөтен адамдарға айтылуы керек. Ал әке-шеше деген ең жақын адамдарың емес пе?» деп сұрап, қарсы пікір білдіріп жатады. Мен болсам оларға «Сіз» деген сөйлесудің сыпайы түрі және өзіңнен жасы үлкен адамдардың бәріне қаратып айтылатын сөз деп жауап беремін. Көбісі менің жауабымды теріске шығарып, бастарын шайқайды. Меніңше, «сіз» деп сөйлесу адамға деген құрметінді, сыйластығыңды, сыпайылығыңды білдіру емес пе?!

(<http://massaget.kz/>)

Advanced 2

- The reader can comprehend discourse organization from a text consisting of long and complex multiple paragraphs.
- The reader can detect the author's attitude or values in the main topics addressed in the text.
- The reader begins to comprehend the aesthetic use of target language and its literary styles, and can appreciate some fictions.

Example 1: the etymology of Kazakh proverbs

МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

Мақал-мәтел, ақыл-нақыл түріндегі аталы сөздердің пайда болу тарихын, қай кезде, неге байланысты тұңғыш рет кім айтқанын білу қиын. Дегенмен, кейбір мақал-мәтелдердің шығу тарихы жайлы аңыздар да жоқ емес. Мысалы, «Баяғыда бір даңқы елге жайылған хан ел-жұртын жиып алып, үкім шығарып, бұйрық беріпті. Барлығың тегіс бір-бір жаңа мақал не мәтел сөз тауып келесіңдер!» – деп. Сонда бір қарапайым кедей мақал таба алмапты. Хан үкімінен қорыққан халық бір-бір мақалдан тауып айтып беріпті. Бірде-бір мақал таба алмаған кедейді «хан жарлығын орындамадың» деп жазаға бұйырыпты. «Жұрттың барлығы мақал-мәтел тапқанда, сен неге таппадың?» – депті. Кедейдің есіне ешқандай мақал-мәтел түспепті. «Мақал-мәтел тауып айта алмаған сорлы кедейді суға батырып, тұншықтырып өлтіріңдер!» – деп жендеттеріне бұйырыпты. Хан уәзірлерінің бірі кедейді суға батырып өлтіру үшін дайындық жасап жатқанда, әлгі кедей қорқып, дірілдеп тұрып: «Көп қорқытады, терең батырады» деген осы екен ғой», – депті. Сонда уәзір: «Мынау сорлы кедей қорыққанынан жаңа мақал айтып жіберді, енді мұны өлім жазасынан құтқару керек», – депті. Осылай қорыққан кедей бір жаңа мақалды тосыннан тауып айтып, өлімнен құтылған екен.

(Н.Оразақынова., т.б. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті.
–Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006ж)